Жеке кәсіпкер Сериковаға
ЖСН: 9204 1940 0026

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі мемлекеттік сатып алу порталына 25 ақпан күні ашық конкурс тәсілімен жарияланған №14057629-2 хабарландыруға өнім берушіден 10 наурыз күні келіп түскен №247730 шағымы бойынша шешім қабылдайды.

ШЕШІМ:

№247730 шағымыңызда жазып отырған ұлттық стандарттарды көрсету жөнінде конкурсттық құжаттамалардың тармақтарын талқылау мерзімінде сауал жолдау қажет болатынсыз.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталының нұсқаулығына сәйкес, әлеуетті өнім берушіден "тауар" сатып алу нысанасының түріне арналған техникалық ерекшелікті толтыру нысанында, егер тауар жиынтықта сатып алынған жағдайда, әрбір жинақтаушы тауар бойынша ақпаратты қосу мүмкіндігі бар. Осыған байланысты, әлеуетті өнім берушілер жиынтықтағы тауарлар бойынша техникалық ерекшелікті қалыптастыру және толтыру кезінде қосымша вкладка қосу жолымен әрбір жинақтаушы тауар бойынша мәліметтерді көрсете алады. Сонымен бірге, Азаматтық кодекстің 121-бабының 1-тармағына сәйкес, егер әртүрлі заттар оны қосылыстың мәні анықтаған мақсатта пайдалануға мүмкіндік беретін біртұтас тұтастықты құраса, олар бір нәрсе (күрделі нәрсе) ретінде қарастырылады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде тауардың техникалық ерекшелігін бөле отырып немесе құрамдас бөліктерге бөлмей беру әлеуетті өнім берушінің құқығы болып табылады.

Жоғарыдай Сізге түсініктеме бере отырып шағымыңыз негізсіз деп тану туралы шешім қабылдайды.

Директор Е.И.Жумаханов